ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 10 қаңтар №5265-24-00-2/4361 Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Қ.Сатыбалдиева оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап қою бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикалық Телерадиокорпорациясы («Қазақстан» РТРК)» акционерлік қоғамы

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер Сакен Туребекович Жусупбеков

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. Тұрақсыздық айыппұлды өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 223-226, 267–3, 267–4-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикалық Телерадиокорпорациясы («Қазақстан» РТРК)» акционерлік қоғамының талап қоюы – қанағаттандырылсын.

Жауапкер дара кәсіпкер Сакен Туребекович Жусупбеков мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер дара кәсіпкер Сакен Туребекович Жусупбековтан Қазақстан Республикалық Телерадиокорпорациясы («Қазақстан» РТРК)» акционерлік қоғамының пайдасына 8 000 (сегіз мың) теңге тұрақсыздық айыппұл және 240 (екі жүз қырық) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Сатыбалдиева А. К., 10.01.2025
Заңды күшіне енген күні: 21.02.2025, судья Мырзахметов К. Ш., 21.02.2025
5265-24-3-1/4763

Жауапкер дара кәсіпкер Сакен Туребекович Жусупбековтан мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

АПК-нің 267–4 - бабының 2 - бөлігіне сәйкес жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Сот шешіміне наразы жақ осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы АПК-нің 403, 404 - баптарының талаптарын сақтай отырып апелляциялық шағым беруге, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **А.Қ. Сатыбалдиева**

Құжатқа қол қойылған: Сатыбалдиева А. К., 10.01.2025

Заңды күшіне енген күні: 21.02.2025, судья Мырзахметов К. Ш., 21.02.2025

5265-24-3-1/4763